

CN 69

Ceresit

Өздігінен тегістелетін
қоспа

Механикалық жүктемелері төмен орынжайларда еденді тегістеуге арналған қоспа (қабаттың қалыңдығы 3-15 мм)

ҚАСИЕТТЕРІ

- оңай тегістеледі;
- технологиялық өту 8 сағаттан кейін болу мүмкін;
- механикаландырылған төсеу үшін жарамды;
- жарыққа төзімді;
- негізге жоғары жабысқақтық;
- жылытуы бар едендерді құру үшін жарамды;
- тек ішкі жұмыстар үшін жарамды;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

CN 69 өздігінен тегістелетін қоспасы тек азаматтық құрылыста ішкі жұмыстар кезінде ылғалдың тұрақты әсеріне шалдықпайтын (тұрғын, тұрмыстық, әкімшілік, қоғамдық және т.б.), механикалық жүктемелері төмен орынжайларда керамикалық тақталарды, линолеумді, ковролинді, ламинатты және басқа жабындарды төсеуге арналған көлденең бетон, цемент-құм және басқа негіздерді тегістеуге арналған.

Бір рет өтіп CN 69 қоспасын қалыңдығы 3-15 мм қабатпен жағуға болады.

Механикалық жүктемелері жоғары орынжайларда, ылғал тұрақты әсер ететін жағдайларда, сыртқы жұмыстар кезінде (ашалы тиегіштері бар қоймаларда, гараждарда, автокөлік тұрақтарында, спорттық алаңдарда және т.б.) CN 76 қоспасын қолдану ұсынылады.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 2.03.13-88 және ҚНЖЕ 3.04.01-87 талаптарына сәйкес болуға тиіс. Негіздің қысуға беріктігі ≥ 12 МПа құруға тиіс.

Цемент-құмды тұтастырғыштардың («жасы» ≥ 28 күн) және бетонның «жасы» ≥ 3 ай) ылғалдылығы $\leq 4\%$ болуға, ангидрит тұтастырғыштарының ылғалдылығы $\leq 0,5\%$ болуға тиіс.

Негізді шаңсыздандыру және ластанулардан және тегістегіш қабаттың жабысқақтығын төмендететін заттардан (майлардан, жағармайлардан, битумнан, желімнен, лак-бояу жабындарынан және т.б.) тазарту қажет. Негіздің берік емес учаскелерін, осал беттік қабатты, цемент сүтін механикалық жолмен (ажарлаумен немесе фрезерлеумен) жою қажет. Ангидрит тұтастырғыштарды толтырғыштың түйіршіктері пайда болғанша ажарлау қажет.

Негіздегі жарықтарды тігіп, шаңсыздандырып, СТ 17 астарымен өңдеп CN 69 қоспасымен, CX 5 аққаш-созылмалы консистенциядағы монтаждау цементімен тегістегіш қабатты жаққанға дейін кем дегенде 1 тәулік қалғанда толтыру керек.



Ойдымдарды шаңсыздандыру, СТ 17 астарымен өңдеу және созылмалы консистенциядағы CX 5 монтаждау цементімен, CM 9 PLUS қоспасымен немесе Ceresit Сылақ қоспасымен (тегістегіш қабатты жаққанға дейін кем дегенде екі тәулік қалғанда) толтыру керек.

Дайындалған негізді СТ 17 астарымен өңдеп толығымен кептіру қажет. Астар тегістегіш массаның жайылғыштығын көтереді, оның кеуіп кетуін және тегістегіш қабаттың бетінде ауа көпіршіктерінің пайда болуын алдын алады. Қатты сіңіргіш негіздерді екі мәрте астарлау керек.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Ерітінді қоспасын дайындау үшін дәл өлшенген таза су көлемін алады (+15-тен +20°C дейін). Құрғақ қоспаны араластырып отырып, түйірлерсіз біртекті қоспа шығаруын көздеп, суға аздап қосады. Араластыруды миксердің немесе айналма жылдамдығы 400-800 айн/мин кезінде тұтқыр қоспаларға арналған саптамасы бар бұрғының көмегімен жүргізеді. Сосын ерітінді қоспасы пісу үшін 5 минут технологиялық үзілісті ұстайды және тағы бір рет араластырады. Ерітінді қоспасы дайындалған сәтінен бастап 30 минут ішінде жұмсалуға тиіс.

назар аударыңыз! Судың артық мөлшерленуі ерітінді қоспасының қатпарлануына, тегістегіш қабаттың беріктігінің төмендеуіне және жарылуына келтіреді.

Ерітінді қоспасын негізге құяды және рақляның көмегімен бет бойынша таратады. Ауа көпіршіктерін жою және тегістегіш қабаты бетінің сапасын жақсарту үшін ерітінді қоспасын төсегеннен кейін бірден инелі білікшемен жазады.

Жабдық судың дәл мөлшерленуін, сапалы араластырылуын, талап етілетін пісу уақытын қамтамасыз етеді және қоспаның ауаландыруына келтірмейді деген шартпен CN 69 ерітінді қоспасын механикалық тәсілмен дайындап беруге болады.

Жұмыстағы үзілістер 25 минуттан асқан кезде, жабдықтар мен тасымалдағыш

Henkel

Качество для Профессионалов

шлангілерді сумен жуу керек, өйткені қатқан ерітіндіні тек механикалық тәсілмен жоюға болады.

ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайда, негіздің температурасы +5 - +30°C болған және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы $\leq 80\%$ болған кезде орындау керек. Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар қоршаған орта температурасы +23°C болған кезде және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60% болған кезде дұрыс болады. Басқа жағдайда материалдың қатаю және беріктігін жинау мерзімдері, сондай-ақ жабындарды төсеуге дайындалу уақыты өзгеру мүмкін.

Тегістегіш қабатты жел өту, жылыту аспаптары және тікелей күн сәулелері әсерінен тым жылдам кебуінен қорғау керек.

30 м² астам ауданда тегістегіш қабатта ширау тигістер жасалуға тиіс. Тигістерді жасау әр 6 м сайын жүргізіледі. Негіздегі деформациялық тигістерді тегістеуіш қабатта қайталау керек.

назар аударыңыз! Негіздің пішіні өзгерген және жарықтар болған жағдайда тегістегіш қабатта және еден жабынында жарықтар пайда болу мүмкін.

Құрғақ қоспаның жаңартылған формуласы құрамында цементте бар белсенді заттарды бейтараптандыратын, терінің күюін және тітіркенуін болдырмайтын үстемелер бар. Жұмыс кезінде жеке қорғану құралдарын (көзілдірікті, қолғапты) қолдану қажет. Қоспа көзге түскен жағдайда оны дереу сумен жуып дәрігерге көріну керек.

ЕСКЕРТУЛЕР

Осы техникалық сипаттамадан басқа, материалмен жұмыс істеген кезде жалпы құрылыс жұмыстарын жүргізу және құрылыстағы қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек.

Дайындаушы материалмен жұмыс істеген кезде технологияны орындамау үшін, сондай-ақ осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған мақсаттарда және шарттармен қолданылуы үшін жауапкершілік көтермейді.

Материалдың нақты қолдану дұрыстығына күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе дайындаушыдан кеңес алу керек.

Жоғары берілген ақпарат, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіз бола алмайды.

Осы техникалық сипаттама пайда болған сәттен бастап барлық алдағы сипаттамалар жарамсыз болады.

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

ҚАПТАМАСЫ

CN 69 құрғақ қоспасы 25 кг қағаз қаптарда жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

CN 69 құрамы:	минералдық толтырғыштары және полимерлік түрлендіргіштері бар цемент
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	~ 1,1 кг/дм ³
Ерітінді қоспасының тығыздығы:	~ 2,0 кг/дм ³
Араластыратын судың мөлшері:	25 кг құрғақ қоспаға шамамен 5,6
Тұтыну уақыты:	~ 30 минут
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°C дейін
Технологиялық өту мүмкіндігі:	8 сағаттан кейін
Қысымдауға беріктігі: 1 тәуліктен кейін 7 тәуліктен кейін 28 тәуліктен кейін	≥ 4,0 МПа ≥ 12,0 МПа ≥ 18,0 МПа
Иілген кезде созылуға беріктігі: 1 тәуліктен кейін 28 тәуліктен кейін	≥ 1,5 МПа ≥ 4,0 МПа
Бетонға жабысқақтығы:	≥ 0,8 МПа
Төсеуге дайындау: керамикалық тақталарды, ламинатты, созымды және тоқыма	48 сағаттан кейін 72 сағаттан кейін
Пайдалану температурасы:	0-ден +70 °C-қа дейін
CN 69 шығыны:	Қабат қалыңдығының 1 мм-не ~